



ХҒТАР 11.15.51

Б.С. Абдильдина^{1*}
Б.Е. Сайлаубаева²

¹ С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
² «Ел тарихы» зерттеу орталығы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Корреспонденция үшін автор: abdildina_bs@mail.ru

Инклюзивті білім беруді дамыту саясатындағы еуропалық кәсіподақтардың тәжірибелері

Аңдатпа. Мақалада Еуропалық білім беру кәсіподақ ұйымдарының инклюзивті білім беруді жан-жақты жүзеге асыруға көрсеткен қолдау іс-әрекеттері зерттеледі. Кәсіподақ ұйымының басты назарда ұстайтын білім беру ұйымдарындағы мәселелердің негізгі түрлері мен оны шешу жолдары қарастырылған. ХХІ ғасырдың басынан бастап, әсіресе дағдарыс кезінде, білім беру ұлттық және жалпы еуропалық деңгейде негізгі саяси басымдық болып табылады. Білім беру саласындағы еуропалық салалық әлеуметтік диалог өте маңызды, өйткені бұл сала туындаған мәселелерді талқылау үшін Еуропалық жұмыс берушілер мен білім беру саласындағы қызметкерлерді біріктіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлеуметтік диалог инклюзивтік білім беруді жүзеге асыруда еңбек қатынастары бойынша келіссөздер жүргізудегі әлеуметтік әріптестерді біріктіретін институционалдық негіз ретінде қарастырылады. Жалпы инклюзивті білім беруді қалыптастырудың қажеттілігін анықтау мақсатында қоғамның әртүрлілігін көрсететін нақты мысалдар келтірілген. Еуропаның әр түрлі қоғамдарында теңдік пен білімге қатысуды қамтамасыз ету өте маңызды. Білім берудегі әртүрлілікті ескеру қажеттілігі еуропалық деңгейде көбірек саяси назар аударады. Алуан түрлілік пен инклюзивтілікке қатысты үкіметтер мен бүкіл қоғамдастықтың менталитетін өзгерту қажеттілігі; педагог кадрлардың, оқушылардың және бүкіл қоғамның алуан түрлілігін неғұрлым толық көрсетуіне қол жеткізу қажеттілігі; барлық елдер үшін әртүрлілік, теңдік және инклюзивтілік тұжырымдамаларының бірыңғай анықтамасын әзірлеу қажеттілігі анықталады. Авторлар Еуропалық білім беру кәсіподақтары комитетінің (ETUCE) инклюзивті білім беруді дамыту тәсілдерін және оны қолдау мен іске асырудың негізгі элементтері мен шарттарын түбегейлі қарастырады. Инклюзивті білім берудегі мәселелерді шешудегі кәсіподақтардың қызметін талдауға екпін жасалады.

Түйін сөздер: кәсіподақ, мемлекеттік саясат, инклюзивті білім беру, адам құқығы, құқық теңдігі, халықаралық кәсіподақ ұйымдары, білім кәсіподағы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2022-138-1-8-22>

Түсті: 21.12.2022 / Жарияланымға рұқсат етілді: 27.01.2022

Кіріспе

Әрбір баланың сапалы білім алуға құқығы бар екеніне сенімділік, оның қадір-қасиетін құрметтеу және оңтайлы дамуға ықпал ету – ЮНИСЕФ-тің адам құқықтары негізінде білім беру тәсілінің негізі болып табылады. Сапалы білім алу – бұл әр баланың құқығы. Бала құқықтары туралы Конвенцияда [1] және Мүгедектер құқықтары туралы Конвенцияда [2] сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсаты және әрбір адамның әлеуетін дамыту үшін қажетті тұтас қолдауды қамтамасыз етудің маңыздылығы айқын көрсетілген. Сапалы білімге тек әр бала, соның ішінде ең осал топтағы балалар мектепке барып және инклюзивті сапалы білім алып, өмірге қажетті дағдылармен қамтамасыз етілген жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

Инклюзивті білім беру – бұл өте кең ұғым және балалардың барлық топтарына қатысты. ЮНИСЕФ-тің білім беру бағдарламалары білім беру жүйесінен шығару қаупі бар балаларға ерекше назар аудара отырып балалардың барлық топтарын қамтиды.

Мүгедектік сирек кездесетін жағдай емес және адамның әртүрлі тобының бір бөлігі болып табылады. Әлем халқының 15 пайызы мүгедектікпен өмір сүреді деп саналады. Өмірінің бастапқы кезеңінде медициналық көмек пен тамақтанудың нашарлығына байланысты, сонымен қатар егде жастағы халықтың топтары мен зорлық-зомбылық, азаматтық қақтығыстардың көбеюі негізінде мүгедектік пайызы өседі деп күтіледі. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың шамамен 80 пайызы дамушы елдерде өмір сүреді және олар кедей халықтың арасында көбірек кездеседі. Бұл өте маңызды, өйткені мүгедектік тек жеке адамдарға ғана емес, сонымен бірге олардың отбасыларына да, күтім жасайтын адамдарға да ықпал етеді[3].

Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғам мен білім алудан тысқары қалуына әкелетін дискриминацияның көптеген түрлері кездеседі. Мысалы, гендерлік зорлық-зомбылық, немқұрайлылық, жағымсыз қарым-қатынас және пайдалану. Мүмкінді-

гі шектеулі балаларға деген қарым-қатынас, сондай-ақ қажетті ресурстармен және ақпаратпен қамтамасыз етілген инклюзивтік білім беру ортасының болмауы, олардың білімге қол жеткізудегі проблемаларын ушықтыра түседі.

Алайда, инклюзивті қоғамды құрудың тиімді жолдары бар, мүмкіндігі шектеулі балалар мүгедектігі жоқ құрдастарымен тең дәрежеде өз құқықтарын, соның ішінде өздерінің сапалы білім алу құқықтарын пайдалана алады. Ең бастысы физикалық, мінез-құлықтық және саяси кедергілер, соның ішінде теріс стигмалар мен дискриминация жойылуы қажет.

Әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлар білім берудегі теңдік және инклюзивтілікке қол жеткізуге ықпал етуі немесе кедергі келтіруі мүмкін. Білім, егер ол оқушылардың әртүрлілігін проблема ретінде емес, барлық түрдегі жеке дарындылықты анықтау және оның өркендеуі үшін жағдай жасауды талап ететін сын-қатер ретінде қарастырса, онда инклюзивті қоғамның негізгі бастауы болып табылады. Өкінішке орай, аз қамтылған, қорғансыз топтар шетте қалып, білім беру жүйесінен ығыстырылады немесе айлакер шешімдердің нәтижесінде осы топтарды оқу топтарынан шеттетуге әкелетін бағдарлама қабылданып, оқытудың аса өзекті емес мақсаттарды көзделеді, оқулықтарда белгілі бір стереотиптер қалыптастырылады, ресурстарды бөлу және бағалауда кемсітушілікке, зорлық-зомбылыққа төзімділікке және адамдардың олардың нақты қажеттіліктерін елемеуге тырысу сияқты әрекеттерге жол беріледі[4].

Саясат, ресурстар мен мәдениет сияқты контекстуалдық факторлар, түрлі елдер мен топтарда инклюзивтілік әр түрлі жағдайда әр түрлі әсер қалдыруы мүмкін. Шындығында, бұл қиындық барлық жерде бірдей. Білім беру жүйесі әр оқушыға құрметпен қарап, кедергілерді жеңуге, оқу үлгерімін арттыруға және оқу сапасын жетілдіруге мүмкіндік беруі керек. Олар педагогикалық ден қою шараларын жоспарлау мен жүзеге асыру деген сылтауымен оқушыларды жіктеу тәжірибесін тоқтатуы тиіс. Инклюзивтілік алдымен бір

топ үшін, содан кейін басқа топ үшін қамтамасыз етілуі мүмкін емес (1-кесте)[5]. Оқушылардың жеке даралығы бар, олар көпқырлы және өзара қиылысу сипатына ие. Оның үстіне, оқушының мінездемесі оның қандай да бір алдын-ала анықталған оқу қабілетіне байланысты болмайды.

Инклюзивті білім беру мәселелерінің оңтайлы шешілуіне білім беру саласындағы кәсіподақ ұйымдары өз үлесін қосуда. Еуропа елдеріндегі «Білім беру кәсіподақтары және инклюзивті мектептер: білім берудегі әртүрлілікті пайдалану» жобасы өздерінің мүшелерін сыныпта және қоғамда кездесетін әртүрліліктің көптеген түрлерін, яғни әлеуметтік-экономикалық, мәдени, тілдік және т.б. мәселелерді шешуге дайындауға мүмкіндік беретін әлеуетті құруға бағытталған. Еуропалық білім кәсіподақтарының комитеті (ETUCE) және мүшелік ұйымдар әр оқушы мен мұғалім өз әлеуетін толық ашатын инклюзивті білім беру ортасын құруда педагогикалық қызметкерлерді қолдауға тырысады.

Еуропаның әр түрлі қоғамдарында теңдік пен білімге қатысуды қамтамасыз ету өте маңызды. Білім берудегі әртүрлілікті ескеру қажеттілігі еуропалық деңгейде көбірек

саяси назар аударады. Алайда, ETUCE зерттеуі мұғалімдер мен басқа да оқытушылар құрамы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық, мәдени және тілдік топтардағы студенттерді оқытуға дайын емес және қолдау таппайтындығын көрсетеді[6].

Бұл күмәндер көбінесе мұғалімдерде оқыту мен оқытудың инклюзивті ортасын құру үшін тиісті практикалық дайындықтың болмауынан туындайды. Педагогикалық қызметкерлер мен мектеп басшылары, мысалы, мұғалімдердің көмекшілері немесе мәдениетаралық делдалдар сияқты қолдаудың жетіспеушілігіне тап болады. Педагогикалық персонал атап өткен басты мәселелерге шамадан тыс жұмыс жүктемесі, қатаң оқу бағдарламалары, бастамаларды практикалық іске асыруды ынталандыру және қолдау үшін тұрақты саяси негіздің болмауы, сондай-ақ қолданыстағы ұсыныстарды орындаудан артта қалуы жатады.

Осы мәселелерді шешу үшін іске қосылған Еуропалық білім беру кәсіподақтарының комитеті «Білім беру кәсіподақтары және инклюзивті мектептер: білім берудегі әртүрлілікті есепке алу» жобасы бойынша білім беру кәсіподақтары мұғалімдер, оқытушылар және

1 кесте. Бәрімізді біріктіретін жалғыз нәрсе – бұл біздің айырмашылықтарымыз[5].

100 баланы ішінде...	
10 бала	Олар мүгедек болуы мүмкін
9 бала	Қалғандарының арасында кедей балалар болуы мүмкін
9 бала	Қалғандарының арасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болуы мүмкін.
7 бала	Қалғандары мигранттар, ішкі қоныс аударушылар және босқындар болуы мүмкін.
6 бала	Қалғандары этникалық, діни немесе тілдік азшылыққа немесе байырғы топқа жататын балалар болуы мүмкін.
15 бала	Қалғандарының арасында шалғай ауылдық жерлерде тұратын балалар болуы мүмкін
16 бала	Қалғандарының арасында басқа маргиналды топқа жататын балалар болуы мүмкін, мысалы, қолайсыз нәсіл немесе қаста.
10 бала	Қалғандары қыз балалар болуы мүмкін.
9 бала	Қалғандары арасында ЛГБТИ болуы мүмкін.
8 бала	Қалғандары семіздікке шалдыққан, депрессияға ұшыраған, мектептен кейін жұмыс істейтін, өзін нашар ұстайтын, жетімдер, құқық бұзушылар, солшылдар, астматиктер, аллергиямен ауыратын балалар болуы мүмкін...
1	Ал бұл соңғы кім? Ол мұнда жаңадан келген!

Ескерту: «Резюме всемирного доклада по мониторингу образования» мәліметтері бойынша

басқа да оқытушылар құрамы әр түрлі сыныптармен жұмыс істеуге және инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға тиісті түрде дайындалып, қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету үшін бірлесіп жұмыс істейді. Бұл мұғалімдердің тиісті бастапқы және үздіксіз даярлығын, сондай-ақ олардың күнделікті жұмысына қажетті қолдау көрсетуді талап етеді.

Мәселенің дереккөздері ретінде «Концептуализация инклюзивного образования и его контекстуализация в рамках Миссии ЮНИСЕФ»[7], Білім беру мониторингі бойынша дүниежүзілік баяндаманың түйіндемесі «Инклюзивность и образование: для всех начинается для всех»[8] құжаттары пайдаланылды.

Мақсаты мен міндеттері

Мақаланың мақсаты – еуропалық кәсіподақ ұйымдарының және ұлттық кәсіподақтардың білім беру саласындағы инклюзия мәселесі және адамдардың құқығын сақтау шараларына қосқан үлесіне талдау жасап, оның тиімділігін, нақты жүзеге асу жолдарын анықтау.

Әдіснамасы

Тақырыпты жан-жақты талдау үшін зерттеудің талдау және синтездеу, жіктеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Мақалада эмпирикалық негіз ретінде Еуропалық білім беру кәсіподақтары комитетінің зерттеулері пайдаланылды.

Нәтижелер және талдау

Қазіргі кезеңдегі Еуропадағы инклюзивтік білім беруді жүзеге асырудағы Еуропалық білім беру кәсіподақтары (ETUCE) қызметінің және еуропалық жұмыс берушілер орталығымен, қоғамдық қызмет көрсететін кәсіпорындармен (CEEP), сондай-ақ жұмыс берушілердің ұлттық ұйымдарымен әлеуметтік диалог шеңберінде атқарған жұмысының ерекшеліктері анықталды және талданды.

Еуропа елдерінде инклюзивті білім берудің қалыптасу тарихы. Инклюзивті білім беруді дамыту ең алғаш Ұлыбритания, Дания,

Испания, Финляндия, Германия, Италия және Австралия елдерінде білім беру саясатының жетекші бағдарламаларының біріне айналды. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдардан бастау алады, ал 90 жылдары АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына инклюзивті білім беру бағдарламасын толық енгізді[9].

Швецияда ерекше қажеттілікке мұқтаж балалар қарапайым сыныптарға орналастырылған және олар онда қажетті қолдаулар алып отырады. Әр сыныпта арнайы педагогтың немесе көмекші ассистенттің көмегі және көмекші арнаулы құралдарды қолдану арқылы білім беріледі. Есту, көру қабілеттері бұзылған, ойлауында артта қалушылығы бар балалар ауытқулары бойынша бөлінген арнайы мектептерде оқиды және онда 21-23 жасқа дейін білім алады. Арнайы мектептер қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептегі сыныптарға кірістірілген балаларды қолдау ресурстарының орталығы болып табылады. Ойлауы артта қалған балаларға арналған арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептердің ғимараттарына сыныптарды біріктіру жолымен орналасқан.

Франциядағы инклюзивтік білім берудің құрылуына 2005 жылы 11 ақпанда қабылданған №20056 102 «Мүгедектігі бар тұлғалардың құқығы пен мүмкіндіктерінің, азаматтық орны мен қатысу теңдігі бойынша» заңының үлкен маңызы болғанын атап өту керек. 2005 жылғы заңның маңызды жетістігіне мүгедек баланың әлеуметтік ортадағы жағдайын, мүгедектіктің әлеуметтік көрінісін қарастыру болып табылды[10]. 2005 жылғы 11 ақпанындағы заңмен «Мүгедектерге арналған территориялық орталықтар» деп аталатын орталықтар құрылды, олар мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар мен олардың жанұяларын қолдаумен байланысты барлық өкілеттікті қамтиды [11]. Франциядағы арнайы білім беру жалпы білім беретін мектептерге дамуында ерекшеліктері бар балалардың санын неғұрлым көбейтуге бағытталған.

1992 жылы шыққан Италияның жаңа заңы 16 мыңға жуық балалар арнайы (коррекциялық) мектептен жалпы білім беретін мектеп-

ке ауыстырылды 10 мыңға жуық оқушы әдеттегі университеттерге қабылданды, 1997 жылы Италияда дискриминация туралы Заң қабылданды, содан кейін ерекше қажеттіліктері бар 160 мың бала жалпы білім беретін мектептерге ауыстырылды, олардың мыңға жуығының дамуында ауытқуы бар [12].

2003 жылы Италияның білім министрлігі мектептердің барлық директорларына жұмыста үздіксіз тренингке қатысуды міндеттейді, бұл тренингке қатысу инклюзивті білім берудің ұлттық саясатын жетілдіру үшін қажет болады. Мұнда жалпы білім беретін мектептің барлық мұғалімдеріне, жылына 40 сағат боп белгіленген біліктілікті арттыру курсынан өту міндеттелді [13].

Ұлыбритания инклюзия тәжірибесін тартудың заңнамалық базасын қамтамасыз етуде көш бастап келеді. Алғаш рет «арнайы білім беру қажеттіліктері» ұғымы елдің білім беру жүйесіне қатысты 1978 жылы арнайы комитеттің баяндамасында құрастырылды, онда оқушылардың арнайы білім алу қажеттіліктерін анықтау бойынша нақты шаралар көрсетілді, мұндай ерекше қажеттіліктерді қамтамасыз ету жауапкершілігі білім берудің жергілікті басқармасына жүктелді, жалпы мектептің қосымша көмек арқылы осы арнайы білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра алатыны көрсетілді. Көрсетілген идеялар 1981 жылы ерекше білім алу қажеттіліктері және мүгедектігі бар адамдарға білім беру туралы британдық заңды құрастырудың және қабылдаудың негізіне айналды [14].

Британияда 2001 жылы ерекше білім беру қажеттіліктері мен мүгедектігі бар адамдарға білім беру туралы заңның қабылдануы, инклюзивті білім беру идеясы мен тәжірибесінің логикалық жалғасына айналды. Заң арнайы білім алу қажеттіліктері бар балалардың жалпы мектепте білім алу құқығын қамтамасыз етуді күшейтті, жергілікті білім беру басқармасының ата-аналармен өзара әрекеттегі жаңа міндеттемелерін енгізді. Заң арнайы соттарда істің қаралу уақытын реттеді, жаңа тәжірибе Кодексі енгізді, онда алдыңғы Кодекстің ережелері жеке оқу жоспарларымен жұмыс бойынша толықтырылды, сонымен бірге ата-а-

налар мен балалардың арнайы білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз ету бойынша шешім қабылдау процедурасын анықтады. Маңызды өзгерістер ретінде, 16 жастан асқан балалармен жұмыс тәжірибесінің кодексін ендіру, Британдық заңнаманың арнайы білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша өңделген инструментарийді қабылдауы алынды.

Инклюзивті білім беру бойынша Ұлыбританияның заңнамасы, арнайы білім беру жүйесін теріске шығармайды. Ғалымдардың бақылауы бойынша, мүмкіндігі шектеулі балаларды жан-жақты дамытуға байланысты әлемдік және ағылшындық саясат, қазір жедел өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Бұл ел инклюзивті білім берудің теориясы мен тәжірибесіне қатысты ұзақ және қиын жолдан өтті және өтіп те келеді. Елде осы саладағы саясат пен тәжірибені анықтайтын және реттейтін көптеген заңнамалық актілер мен басқа құжаттар бар. Қазіргі кезде осы саясаттың ортасында білім министрліктерінің 2004 жылы құрастырған «Каждый ребенок важен» («Әрбір бала маңызды») құжаты жасалды [15]. Бұл бағдарлама 2020 жылға қарай балалар арасындағы кедейшілікті жоюға қабілетті және әрбір балаға толығымен өзінің әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін алдын алу мен көмек түріндегі іс-шараларға бағытталған.

Данияда арнайы мектеп-интернатта күрделі эмоционалды ауытқуы бар балалар, ал арнайы мектепте - ақыл-ойында кемістігі бар балалар оқытылады, ал қалған балалар үшін жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптар ашылған. Данияның арнайы білім беру саласындағы саясаттың стратегиялық бағыты ретінде интеграция алынады.

Норвегияда интеграция үдерісі 80-жылдары басталды, 90-жылдардың басында арнайы мектептер қысқартылған болатын, оларға мүмкіндігі шектеулі балалардың бір пайызынан аз балалар барады. Финляндияда ұзақ уақыт бойы арнайы мектептер мен жалпы білім беретін мектептің жанындағы арнайы сыныптардың параллельді жүйесі болды. 80-жылдардың соңынан бастап, арнайы білім беру саласындағы мемлекеттің саясатындағы негізгі бағыт ретінде интеграцияланды.

Нидерланды үкіметі 90-жылдардан бастап, мүмкіндігінше арнайы және жалпы білім беруді біріктіруге, интеграциялық тұғырларды «Мектепке бірге барамыз» атты мемлекеттік жоба арқылы ендіруге тырысады, аталған жобаның мақсаты ретінде, жалпы білім беретін мектеп жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмекті қамтамасыз ету; арнайы мектептің оқушылар санын тұрақтандыру; ақыл-ойында кемістігі бар және психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мектептің санының өсуіне кедергі келтіру алынды.

Білім беру саласындағы еуропалық салалық әлеуметтік диалог. ETUCE 2000 жылдан бастап білім беру саласындағы салалық әлеуметтік диалог комитетін ұйымдастыру идеясын жүзеге асырды. Содан кейін ETUCE еуропалық жұмыс берушілер орталығымен және қоғамдық қызмет көрсететін кәсіпорындармен (СЕЕР), сондай-ақ жұмыс берушілердің ұлттық ұйымдарымен келіссөздер жүргізді.

2009 жылғы ақпан айында маңызды қадам жасалып білім беру саласындағы еуропалық жұмыс берушілер федерациясы (EFEE) құрылды және 2009 жылдың қыркүйегінде ETUCE-EFEE Еуропалық одақты құру туралы

келісім шарттарына сәйкес салалық әлеуметтік диалог комитетін құру туралы бірлескен мәлімдеме жасады. Білім беру саласындағы салалық әлеуметтік диалог еуропалық комитетін 2010 жылғы маусымда білім беру саласындағы еуропалық әлеуметтік әріптестер Еуропалық білім кәсіподақтары комитеті (ETUCE) және Еуропалық білім беру саласындағы жұмыс берушілер Федерациясы (EFEE) құрды. Қазіргі уақытта білім беру саласындағы еуропалық жұмыс берушілер Федерациясы 16 елде 24 жұмыс беруші ұйымнан тұрады. Білім беру саласындағы еуропалық жұмыс берушілер Федерациясының мүшелігі оның барлық алуан түрлілігін көрсетеді. Федерацияның құрамына Ұлттық министрліктер, аймақтық және муниципалды үкіметтер қауымдастықтары, мемлекеттік органдар және мектеп көшбасшыларының қауымдастықтары кіреді[16].

Әлеуметтік диалог – бұл еңбек қатынастарына қатысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізу үшін әлеуметтік әріптестерді (жұмыс берушілер ұйымдары мен кәсіподақтарды) біріктіретін институционалдық негіз. Еуропалық Одақ экономиканың әртүрлі салаларында еуропалық деңгейде әлеуметтік диалогты қолдайды, ал ETUCE – бұл білім беру қызмет-

2 кесте. Білім беру саласындағы еуропалық салалық әлеуметтік диалог: кәсіподақтар мен жұмыс берушілердің жұмыс бағдарламасы [16].

Әлеуметтік әріптестердің бірлескен жобалары	Әлеуметтік диалогтың 2020-2021 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасының негізгі тақырыптары
1. Мультимәдениеттілік, инклюзивті білім беру және ЕО-ның негізгі құндылықтары туралы бірлескен мәлімдеме	1. Бүкіл Еуропада мұғалімдердің жетіспеушілігінің қазіргі және болжанатын мәселелерін шешу үшін оқытушы кәсібінің тартымдылығы
2. Еуропалық, ұлттық және жергілікті деңгейге қатысты және мигранттар мен босқындардың қабылдаушы елдердің білім беру жүйесіне және әлеуметтік-экономикалық ортасына тиімді интеграциялануына жәрдемдесуге бағытталған бірлескен практикалық басшылық қағидаттары	2. Әділдік, теңдік және инклюзивтілік
3. Мигранттар мен босқындарды білім беру жүйесіне тиімді интеграциялау үшін сапалы шеңберлер туралы ұсыныс	3. Климаттың өзгеруі; сандық түрлендіру

Ескерту: «Европейский социальный диалог: ETUCE и EFEE согласуют новую программу совместной работы» мәліметі бойынша

керлерінің өкілі болып табылатын кәсіподақ ұйымы. Білім беру саласындағы еуропалық салалық әлеуметтік диалогтың (ESSDE) жыл сайынғы пленарлық отырысы бірлескен комитет аясында шешім қабылдайтын ресми орган болып табылады, онда білім беру саласындағы еуропалық жұмыс берушілер федерациясымен (EFEE) келіссөздер жүзеге асырылады.

Білім беру саласындағы еуропалық әлеуметтік серіктестер Еуропадағы қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайға алаңдаулы. Әлеуметтік серіктестер талқылау үшін жеткілікті негізі бар тақырыптар бойынша, сондай-ақ еуропалық деңгейде ынтымақтастық үшін нақты практикалық пайдасы бар бастамаларды іске асыру бойынша бірлескен мақсаттағы жұмысты атқаруға ниетті. Әлеуметтік әріптестер білім беру саласын жаңғыртуға және басқаруға, сондай-ақ оқытушылар құрамына ерекше назар аударатырып, Еуропадағы білім беру сапасын жақсартуға өз үлесін қосуға ұмтылады.

Қазіргі уақытта баса назар аударып отырған мәселелері босқындар мен мигранттардың мультимәдениеттілігі мен интеграциясы саласындағы нақты шаралар мен саяси басымдықтарға қатысты міндеттемелерді шешу болып отыр. Осы міндеттерді шешудегі олардың жобалары мен негізгі айналысатын тақырыптарын келесі кестеден көруге болады (2-кесте) [16].

Әлеуметтік әріптестердің 2020-2021 жылдарға арналған нақты басымдықтары: бүкіл Еуропада білім беру сапасын жақсарту және білім беру органдары мен білім беру қызметкерлері жұмыс істейтін органы жақсарту. ETUCE және EFEE білім беру саласындағы берік және үздіксіз еуропалық салалық әлеуметтік диалогты әлеуметтік әділеттілікке, инклюзивтілікке, демократияға қол жеткізуге, «жасыл экономикаға» ауысуды жүзеге асыруға және цифрлық технологияларды енгізуге байланысты мәселелерді қамтитын қазіргі қоғамның сын-қатерлерін еңсерудегі маңызды үлес ретінде қарастырады.

Осыны ескере отырып, ETUCE және EFEE 2020-2021 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасын бекітті, ол жаңа және алдағы қиын-

дықтарды жеңуге бағытталған және олардың бірлескен жұмысының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын анықтайды. Бұл қазіргі жағдайда, жалғасып жатқан COVID-19 пандемиясы денсаулық сақтау, қоғам және экономика саласындағы бұрын-соңды болмаған дағдарыстың себебі болып, студенттер үшін, сондай-ақ оқу орындары мен білім беру органдарының қызметкерлері үшін ауыр зардаптарға әкелді.

EFEE және ETUCE білім беру жүйелері дамып келе жатқан ортаның қаншалықты тез өзгеретінін есепке ала отырып, жұмыс бағдарламасында өсіп келе жатқан әлемдік проблемаларды шешуге ерекше назар аударады, бұл бағыт барлық адамдар үшін жоғары сапалы білім алуға қол жеткізу жөніндегі миссияны іске асыруда одан әрі үлкен орын алады. Еуропалық қоғамның өсіп келе жатқан алуан түрлілігі аясында еуропаның ортақ құндылықтарын негізделген инклюзивтілік, теңдік және демократия мәселелері де алдыңғы орынға қояды [16].

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға қажетті жағдайларды сақтау үшін оған әрекет етуші тұлғалардың барлығын қатыстыра білу қажет, ал олардың рөлі елдегі білім беру ұйымы мен оның құрылымына байланысты. Инклюзивті білім беруді іске асыру және оның тұрақты дамуында ынтымақтастық ең тиімді және өзекті іс-әрекет болып табылады. Әлеуметтік диалог арқылы әлеуметтік серіктестер саясат мәселесі бойынша және іс-шаралар өткізу бойынша бірлесіп жұмыс істеуге қол жеткізеді. Мұндай әлеуметтік диалог жұмысшылар мен жұмыс берушілердің (екі жақты диалог) және осы екі тараппен бірге үкімет (үш жақты), сонымен қатар ол жергілікті, аймақтық, ұлттық және салалық деңгейде, сондай-ақ Еуропалық Одақ деңгейінде жүзеге асырылуы мүмкін. Әлеуметтік диалог білім беруді инклюзивті етуде үлкен рөл атқарады және білім беру сапасын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.

Еуропалық білім беру кәсіподақтары комитетінің (ETUCE) инклюзивті білім беруді дамыту тәсілдері. Инклюзивті мектептер үшін тиімді және практикалық стратегияларды жасай отырып және ұлттық бастамалар-

ды қолдай отырып, Еуропалық білім беру кәсіподақтарының комитеті алдағы іс-қимыл жоспарын ұлттық және жергілікті деңгейлерде теңдік, әртүрлілік және интеграция мәселелері бойынша нақты шараларды ілгерілетуге тырысады. Түпкі мақсат – білім берудегі әртүрлілікті қамту және теңдік пен инклюзивтілікті нығайту үшін педагогикалық қызметкерлермен және оның кәсіподақтарымен біріге жұмыс істеуі.

Еуропалық білім кәсіподақтары комитетінің зерттеуі мынадай негізгі міндеттерді шешуі тиіс:

- Халықты әртараптандыруға, жаһандануға, көші-қонның өсуіне, техникалық прогреске және цифрландыруға, кедейлік пен аумақтық теңсіздіктің күшеюіне, білім беру мен педагогикалық мамандыққа байланысты қоғамдағы және еңбек нарығындағы өзгерістердің әсеріне қатысты ұлттық нәтижелерді анықтау.

- Әр түрлі студенттер контингентімен жұмыс істеуде және инклюзивті білім беруді іске асыруда мұғалімдерді, ғалымдарды және басқа да білім беру қызметкерлерін қолдауға қатысты білім беру кәсіподақтарының нақты оқыту қажеттіліктері мен мүдделерін анықтау.

- Әртүрлі ұлттық және жергілікті жерлерде оқытудың тұрақты инклюзивті ортасын құрудың және қолдаудың табысты, жаңашыл және берілетін озық әдістерін анықтау.

Жалпы мектептік оқыту тәсілі инклюзивті білім беру тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Бұл тәсіл барлық оқушыларға мектеп өмірінің барлық саласында білім беру мүмкіндіктерін ұсынуға арналған. Ол оқыту, оқу және әл-ауқат бір-бірімен тығыз байланысты екенін және мектеп қоғамдастығы өмірінің барлық аспектілері (мектеп саясаты, жергілікті қауымдастықпен серіктестік, оқу бағдарламасы, оқу және оқыту, үй-жайлар мен инфрақұрылым) оқушылар мен мұғалімдердің әл-ауқатына әсер етуі мүмкін екенін мойындайды. Алайда, Еуропалық білім беру кәсіподақтарының комитеті мектеп қоғамдастығындағы әртүрліліктің барлық аспектілерін қамтитын мектеп инфрақұрылымы

мен экология саласындағы стратегия мен саясаттың жоқтығын көрсетеді.

Қауіпсіз және салауатты оқу және жұмыс ортасының кепілдігі, қысымшылықтан, қорқытудан және қорлаудан аулақ болу – білім берудегі инклюзивтілік пен теңдікті және мұғалімдер мен оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз етудің қажетті шарты. Әсіресе сыныптағы қиын жағдайларды шешу сияқты мәселелерге назар аударады; қудалау, қорқыту және қорлау, соның ішінде кибершабуыл, мұғалімдердің күйзелісі мен психикалық денсаулығы, сондай-ақ COVID-19 пандемиясының білім берудегі оқу және жұмыс ортасының қауіпсіздігі мен денсаулығына әсеріне көп көңіл бөлу ұсынылады.

Соңғы онжылдықтарда «сандық технологияға» тез ауысу білім беру саласында үлкен төңкеріс жасады. Еуропалық білім беру кәсіподақтарының комитеті білім беру қызметкерлерін сандық дағдыларды игеруге дайындықты ұйымдастыруға, сандық педагогика мен ІТ құралдарын үйренуге, әртүрлілікке қол жеткізуге шақырады. Егер бір жағынан, жаңа технологиялар инклюзивті білім беруге қол жеткізуде үлкен көмек болса, екінші жағынан, сандық теңсіздік және технологияға қол жетімділіктің болмауы маргинализация мен теңсіздік элементтерін күшейте түседі. Бұл COVID-19 пандемиясынан туындаған төтенше дағдарыс жағдайында қашықтықтан оқыту мен оқуға көшу кезінде айқын көрінді, бұл көптеген жүйелік кемшіліктерді әшкереледі және оқушылардың ең осал топтарын білімсіз қалдырды. Сондықтан кәсіподақтар оқушылардың «маргиналдану» қатеріне қарсы инклюзивтілік мақсатында талқылау жүргізуде әлеуметтік желілерді және бұқаралық коммуникация құралдарын пайдалануды, сондай-ақ технологияларды өзгеше оқушыларды және ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау құралы ретінде пайдалану үшін білім мен практикалық құралдарды ұсынады.

Еуропалық білім беру кәсіподақтарының комитеті Доминик Дано (SAGO Research) жүргізген зерттеу Еуропалық аймақтағы әртүрлі инклюзивті білім беру жүйелерін зерттеуге

және Еуропалық білім беру кәсіподақтарының комитеті мүшелік ұйымдары арасында жүргізілген онлайн-сауалнамаға негізделген, оған 38 елден 60 кәсіподақтың респонденттері қатысты. «Еуропалық білім кәсіподақтары комитеті: инклюзивті білім беру» сауалнамасына қатысқан білім кәсіподақтарының 93%-ы осы салада мұғалімдерге, университет қызметкерлеріне және басқа да білім беру қызметкерлеріне арнайы дайындық қажет деп санайды»[16].

Зерттеу мәліметтері Еуропа елдеріндегі алуан түрліліктің артуы инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жолындағы қиындықтар мен жаңа мүмкіндіктерді де өзімен бірге алып келгенін көрсетеді. Цифрландыру, теңсіздіктің өсуі, білім берудегі маркетинг және жекешелендіру, өсіп келе жатқан индивидуализм және соңғы уақытта қазіргі COVID-19 пандемиясы сияқты басқа факторлар да Еуропада инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға үлкен көлемде әсер етеді. Осы мәселелерді шешу үшін зерттеу ұлттық деңгейдегі және Еуропалық Одақ деңгейіндегі саясаткерлерге инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асыру бойынша бірқатар ұсыныстар жасайды:

- Инклюзивті білім берудің нақты тұжырымдамасы инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды қолдайтын саяси шеңберге енуі керек;

- Барлық деңгейлерде инклюзивті білім берудің шекті бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеуге, іске асыруға және бағалауға мұғалімдердің, жоғары оқу орындары қызметкерлерінің және басқа да білім беру қызметкерлерінің айтарлықтай қатысуы сөзсіз қажеттілік болып табылады;

- Бастауыш педагогикалық білім беру және басымдықтарды көрсететін барлық оқыту кәсіби мамандарының үздіксіз кәсіби дамуы әр түрлі білім беру ортасында жұмысты қамтамасыз ету үшін қажет;

- Қолдаудың тиісті тетіктері, мысалы, қосымша көмекші персонал және инклюзивті тәсілге уақыт бөлу барлық білім беру мамандарына инклюзивті білім беру тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін қолжетімді болуы керек;

- Көпжақты, ведомствоаралық тәсіл инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың кілті болып табылады;

- Бұл тұжырымдаманы басшылық тарапынан ұстану және басшыларға қажетті қолдау көрсету білім берудегі әртүрлілікті қабылдаудың маңызды шарты болып табылады;

- Тиісті және мақсатты бағалау және бақылау жүйелері білім беру деңгейінде де, студенттер үшін оқу процесі деңгейінде де қолданылуы керек;

- Білім беру кәсіподақтары білім беру қызметкерлерінің еңбек жағдайларын қоса алғанда, инклюзивті білім берудің барлық аспектілеріне қатысты талқылаулар мен келіссөздерге қатысуы; сала қызметкерлерінің мамандыққа келуін және тұрақтап қалуын қамтамасыз ету; бастауыш педагогикалық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және білім беру қызметкерлерінің одан әрі үздіксіз кәсіби дамуы, сондай-ақ инклюзивті білім беруді қаржыландыру.

Сонымен қатар, зерттеу мұғалімдердің, жоғары оқу орындары қызметкерлерінің, оқу орындары басшыларының және басқа да білім беру қызметкерлерінің білім беру және кәсіби қажеттіліктерін талдайды, «ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды неғұрлым инклюзивті қолдау», «сыныптағы қиын жағдайларды басқару» және «өсіп келе жатқан жұмыс жүктемесін басқару» инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби дайындық тұрғысынан ең өзекті қажеттіліктер ретінде атап көрсетеді[15].

Мұқият құрылған инклюзивті оқу ортасы олардың өмір салтына қарамастан оқушылар мен білім беру қызметкерлерінің барлығының қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыратын білімнің негізі болып табылады. ETUCE-нің «Білім берудегі әртүрлілік (2020)» сауалнамасының респонденттері инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың шарттары мен әр түрлі түйінді мәселелерін талдап көрсетті. Сол сауалнамада қажетті шарттар мен олардың дәрежеде жүзеге асырылуы арасындағы алшақтықтар анықталды (3-кесте) [16].

Аталған зерттеулер нәтижесінде инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың бірнеше шарттары анықталды:

Саяси шешімдердің болуы: инклюзивті білім беруді жүзеге асыруды қолдайтын және жеткілікті ресурстар мен мемлекеттік қаржы бөлумен қатар жүретін механизмдер мен саяси шешімдердің болуы.

Инклюзивті білім берудің нақты тұжырымдамасының болуы: саяси базаға енгізілген және білім берудің инклюзивтілігі концепциясын саясаткерлер мен шешім қабылдаушы тұлғаларды қоса алғанда, оған қатысы бар барлық мүдделі тараптардың нақты және ортақ түсінігін қалыптастыратын инклюзивті білім берудің нақты тұжырымдамасының болуы.

Әртүрлілікті қабылдау: әр оқушының ерекше сипаттамалары, қызығушылықтары, қабілеттері және білім алу қажеттіліктері бар. Жеке топтарға арналған, мысалы, мигранттар мен босқындар санатындағы, психикалық денсаулық проблемалары бар оқушылармен инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға байланысты ерекше қиындықтар туындайтыны анықталды.

Демократиялық мәдениеттің болуы: оқу орындарында, оның ішінде мұғалімдердің және маңызды білім беру қызметкерлерінің, сондай-ақ оқушылардың оқу орындарының жұмысын жетілдіру және бағалау, шешім қабылдау процестеріне қатысуын қоса алғандағы демократиялық мәдениеттің болуы.

Қауіпсіз және салауатты жұмыс және оқу ортасы: қысым көрсетуден, қорқытудан, қудалаудан және кибершабуылдан ада, қауіпсіз және салауатты жұмыс және оқу ортасы.

Тиімді басқару моделі: оқу орындары деңгейінде тиімді басқару моделінің және жалпы мектептік әдіс-тәсілдердің болуы. Оқу орындарының басшылары оқушылардың әр түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін білімді және жақсы дайындалған болуы тиіс.

Жұмыс күні шегінде жеткілікті уақыт бөлу: мұғалімдер, шеберлер, ЖОО оқытушылары және басқа да қызметкерлер білім беру барысында инклюзивтік әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру үшін жұмыс күні шегінде жеткілікті уақыт бөлуі тиіс.

Мұғалімді қолдау үшін арнайы персонал мен механизмдердің болуы: мұғалімді қолдау үшін

арнайы персонал мен механизмдердің болуы: оқушылардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бір мұғалімге тиесілі оқушылар санын азайту; қосалқы персонал (соның ішінде мұғалімдердің көмекшілері, психологтар және тілдік қолдау көрсету қызметкерлері, үйлестіруші (коррекциялық) білім беру мұғалімдері) мен қолдау тетіктерін (өзара оқыту және тәжірибе алмасу үшін мұғалімдердің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін анықтау және қолдау) жолға қою.

Мамандарды жинақтау мен сақтап қалудың тиімді саясаты: қоғамда және білім беру саласында алуан түрлілікті көрсететін мұғалімдер мен басқа да білім беру қызметкерлерін мамандыққа жинақтау мен сақтап қалудың тиімді саясаты.

Ынтымақтастық: инклюзивті білім беру тиімді және мәнді іске асырудың қажетті компоненті (білім беру қызметкерлері арасындағы, басшылық пен білім беру қызметкерлері арасындағы, білім берудің әр түрлі деңгейлері арасындағы, білім беру қызметкерлері мен отбасы, қамқоршылар арасындағы) ынтымақтастық.

Зерттеу нәтижесінде кәсіподақтар инклюзивті білім берудің барлық аспектілеріне қатысты пікірталастарға, келіссөздерге қатысуы қажет деп көрсетілді. Соның ішінде:

- Мұғалімдер мен басқа да білім беру қызметкерлерінің еңбек жағдайларына қатысты барлық пікірталастарға, мысалы, мұғалімдердің және басқа да білім беру қызметкерлерінің кейбір оқушыларға міндетті қосымша көмек көрсетуі үшін қажетті уақыт пен кеңістікке, тілдік қолдау көрсетуге байланысты болуы мүмкін;
- Жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында бастауыш педагогикалық білімді және мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуын қалыптастыру мәселесі бойынша;
- Білім беру саласы мен жалпы қоғамның алуан түрлілігін көрсететін мұғалімдерді мамандыққа қабылдау және сақтап қалу;
- Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда қолдау көрсете алатын әріптестерімен және басқа мамандармен тәжірибе алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

• Инклюзивті білім беруді қаржыландыру мәселесіне арналған бюджеттік қаражатты жергілікті, өңірлік немесе ұлттық өкімет органымен келісе отырып пайдалану жөніндегі дискуссияларға қатысу.

Сонымен қатар, зерттеуге қатысушылар әсіресе жас және жаңа мұғалімдерге немесе басқа білім беру қызметкерлеріне кәсіподақтардың рөлін нақты түсіндіруді ұсынады, сонымен бірге кәсіподақтардың әр түрлілік және инклюзивтілік жөніндегі өз көзқарастарын сайттарда, газеттерде және т. б. неғұрлым нақты түсіндіруін ұсынады. Кәсіподақтар сонымен қатар мүшелері нәсілшілдік пен кемсітушілікке тап болған оқу орындарында акцияларды өткізе алуы қажет.

Білім беруді басқару органдары барлығы үшін мемлекеттік инклюзивті білім беруді іске асыруға арналған қажетті ресурстар бөлуі және қажетті еңбек жағдайларын жасауды қамтамасыз ете алатын инклюзивті білім беру саласына қатысты ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі саяси бағдарламалар мен стратегияларды дайындауға үлкен үлесін қосуы тиіс.

Үкімет мемлекеттік бюджеттен мұғалімдерді қолдау үшін қажетті қосалқы мамандармен тиісті деңгейде қамтамасыз ету мен инклюзивті мемлекеттік білім беруді іске асыру үшін жеткілікті қаржы ресурстарын бөлуге тиіс. Ал инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қаржыландыруды қай салада жүргізу керектігін түсіну үшін үкімет, білім саласындағы жұмыс берушілер, оқу орындарының басшылары және кәсіподақтар арасында терең ынтымақтастық орнауы қажет.

Білім беруді басқару органдары жұмыс берушілермен және салалық кәсіподақтарымен біріге отырып инклюзивті білім беру нәтижелерін тиімді және ыңғайлы бағалау жүйелерін дамытуда маңызды рөл атқарады, ал ҮЕҰ қоғамдағы алуан түрлілік туралы білім беру және зерттеу материалдарын әзірлеуге қолдау көрсете алады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, еуропалық қоғам барған сайын әр түрлі болып келеді, әрі ол білім беру

саласына бір уақытта қиындықтар мен мүмкіндіктерді де әкеліп отыр. Қоғамдағы алуан түрліліктің қозғаушы күштері – Еуропаның өз ішіндегі өзара ұтқырлық, халықаралық миграция, жаһандану. Сонымен қатар олар техникалық дамумен мен цифрландырумен, киберқауіпсіздік мәселелерімен, білім беру саласындағы маркетинг және жекешелендіру үрдісімен, индивидуализмнің өсуімен, уақытта қазіргі COVID-19 пандемиясымен қосарласа отырып инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға сын-қатерлер туғызып отыр.

Осы зерттеу нәтижелерінен айқын болғаны:

Біріншіден, инклюзивті білім беруді іске асырудың маңызды шарты – бұл барлық деңгейлерде қажетті қолдауды қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беруді қолдайтын саяси бағдарламаларға енгізілген инклюзивті білім берудің нақты тұжырымдамасының болуы. Барлық деңгейлерде инклюзивті білім беру стратегияларын әзірлеу, жүзеге асыру және тиімділігін бағалау үдерісіне мұғалімдердің, жоғарғы оқу орны қызметкерлерінің, басқа да білім беру мамандарының басымдықпен қатысуы. Негізгі мүдделі тараптарды мойындау және іске тарту, сондай-ақ олардың жұмыс барысына бұл үдерістердің тиімділігіне үлкен әсер ету. Мысалы, саясатты қалыптастыру циклінің басталу кезеңінен кәсіподақтармен өзара әрекеттесу ұзақ мерзімді перспективада пайда әкеледі. Инклюзивті білім берудің саяси ұстанымдарын әзірлеу әлеуметтік диалогқа негізделуі керек және нақты деректерге негізделген стратегиясымен қамтылуы тиіс. Білім беру саласындағы мамандар одан тек «хабардар болмауы» керек, олар білім беруі дамытудың саяси және стратегиялық негіздерін қалыптастырудағы басты серіктестердің бірі болуы қажет;

Екіншіден, алуан түрлі ортада жұмыс істеуге басымдық берілетін білім беру саласындағы барлық мамандарға бастауыш педагогикалық білім беру және үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету жолға қойылуы тиіс. Білім берудегі инклюзивті тәсілдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін оқытудың кәсіби мамандарына қолдау көрсетудің тиімді механизмдерін жасау. Мұғалімдер мен басқа да білім беру

қызметкерлері – бұл оқушылардың қажеттіліктерін ең жақсы білетін кәсіби мамандар. Академиялық еркіндік және мұғалімдердің және басқа да білім беру қызметкерлерінің кәсіби дербестігі білім беру мен Еуропалық қоғамның тұрақты дамуының ажырамас элементі болып табылады;

Үшіншіден, инклюзивті білім беруді іске асырудағы ведомствоаралық ынтымақтастық әдісін қолдану және бірлесіп жұмыс істеу инклюзивті білім беруді іске асырудың тиімділігін арттырады. Инклюзивті білім берудің көпқырлы табиғатын ескере отырып, оқушылардың және олардың ата-аналары мен қамқоршыларының барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әр түрлі әрекет етуші мамандар – мұғалімдер, басқа білім беру қызметкерлері арасындағы ынтымақтастық орнату қажет. Ынтымақтастық, демократия, теңдік және тұрақты даму мақсатында мұғалім мәртебесінің мәні мен статусын көтеру үшін қа-

былданған ЕТУСЕ қарарында көрсетілгендей оқу орындарын теңдік және инклюзивтілік, бірлескен басқару және демократиялық мәдениет, ұжымдық жұмыс және алқалық қолдау, академиялық еркіндік, пікір және өз ойын білдіру бостандығы, мұғалімдердің педагогикалық және кәсіби дербестігі қағидалары бойынша дамыту жолға қойылған.

Білім беру контекстіндегі алуан түрлілікті қабылдаудағы білім беру кәсіподақтарының рөліне келетін болсақ: еңбек жағдайларын талқылауды қоса алғанда инклюзивті білім берудің барлық аспектілеріне қатысты, яғни кадрларды іріктеу және сақтап қалу, бастауыш педагогикалық білім беруді дамыту және мұғалімдердің, кәсіптік білім шеберлерінің, жоғары оқу орындары қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуы, сондай-ақ инклюзивті білім беруді қаржыландыру туралы пікірталастар мен келіссөздерге білім беру саласының кәсіподағы міндетті түрде қатысуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Конвенция о правах ребенка [Электрон. ресурс]. – 1989. – URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml (қарастырылған күні: 08.04.2021).
2. Конвенция о правах инвалидов [Электрон. ресурс]. – 2006. – URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml (қарастырылған күні: 08.04.2021).
3. Концептуализация инклюзивного образования и его контекстуализация в рамках Миссии ЮНИСЕФ. [Электрон. ресурс]. – 2014. – URL: <https://www.unicef.org/eca/sites/unicef.org.eca/files/Booklet%201%20-%20Russian%20Version.pdf> (қарастырылған күні: 02.04.2021).
4. «Инклюзивность и образование: для всех означает для всех» [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: https://www.gcedclearinghouse.org/sites/default/files/resources/200213rus_0.pdf (қарастырылған күні: 02.04.2021).
5. Резюме всемирного доклада по мониторингу образования. [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: https://www.gcedclearinghouse.org/sites/default/files/resources/200213rus_0.pdf (қарастырылған күні: 04.04.2021).
6. Рудь Н.Н. Инклюзивное образование: проблемы, поиски, решения: Методическое пособие / Н.Н. Рудь. – Москва: Перспектива, – 2011. – 28 с.
7. Инклюзивтік білім беруде әдіснамалық және оқу-әдістемелік сүйемелдеу бойынша тәсілдеме ұстанымдарын табысты ендірудің әлемдік тәжірибесін талдау. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, – 2015. – 80 б.
8. Ванян А. Обзор инклюзивного образования за рубежом. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <http://turrion.net/default.asp?src=library&id=001>. (қарастырылған күні: 11.02.2021).
9. Грозная Н.С. Инклюзивное образование за рубежом от мечты к реальности // Обзор материалов специального выпуска журнала «International Journal of Inclusive Education» – 2011, № 1. – С.11.

10. Бут Т. «Политика включения и исключения в Англии: В чьих руках сосредоточен контроль?» Сост. Ш. Рамон и В. Шмидт. Московская высшая школа социальных и экономических наук. Хрестоматия по курсу Социальная эксклюзия в образовании. – Москва, –2003. – С. 36-44.

11. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін! Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қаласы, –2004 жылғы 19 наурыз.

12. Европейский социальный отраслевой диалог в образовании [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.csee-etuice.org/ru/sotsialnyj-dialog/evropejskij-sotsialnyj-otraslevoj-dialog-v-obrazovanii-essde/243-2014-09-29-14-59-23> (қарастырылған күні: 11.04.2021).

13. Европейский социальный диалог: ETUCE и EFEE согласуют новую программу совместной работы. [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.csee-etuice.org/ru/novosti/etuice/3487-european-sectoral-social-dialogue-in-education-trade-unions-and-employers-agree-new-work-programme-3> (қарастырылған күні: 08.04.2021).

14. Принимая многообразия в образовании: Новое исследование ETUCE по теме инклюзивного образования. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.csee-etuice.org/ru/novosti/etuice/4332-vebinar-etuice-effektivnye-metody-raboty-v-realizatsii-obshcheshkolnogo-podkhoda-k-inklyuzivnomu-obrazovaniyu> (қарастырылған күні: 12.04.2021).

15. Профсоюзы образования и инклюзивные школы: учет разнообразия в образовании. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.csee-etuice.org/en/projects/education-trade-unions-and-inclusive-schools-embracing-diversity-in-education/3578-research> (қарастырылған күні: 12.04.2021).

16. Ключевые элементы и условия реализации и поддержания инклюзивного образования. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: https://www.csee-etuice.org/images/Factsheet_Training_needs-RU.pdf (қарастырылған күні: 12.04.2021).

Б.С. Абдильдина¹, Б.Е. Сайлаубаева²

¹Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан

²Исследовательский центр «Ел тарихы», Нур-Султан, Казахстан

Опыт европейских профсоюзов в политике развития инклюзивного образования

Аннотация. В данной статье исследуются поддерживающие действия европейских образовательных профсоюзных организаций по всесторонней реализации инклюзивного образования. Рассмотрены основные виды проблем и пути их решения в организациях образования, находящихся в центре внимания профсоюзной организации. С начала XXI века, особенно в период кризиса, образование является основным политическим приоритетом на национальном и общеевропейском уровнях. Европейский отраслевой социальный диалог в сфере образования очень важен, поскольку эта отрасль позволяет объединять европейских работодателей и работников в сфере образования для обсуждения возникающих проблем. Вместе с тем социальный диалог рассматривается как институциональная основа, объединяющая социальных партнеров в переговорах по трудовым отношениям при реализации инклюзивного образования. Приведены конкретные примеры, отражающие многообразие общества с целью определения необходимости формирования общего инклюзивного образования. Очень важно обеспечить равенство и участие в образовании в различных обществах Европы. Необходимость учета разнообразия в образовании привлекает все большее политическое внимание на европейском уровне. В отношении разнообразия и инклюзивности определяются необходимость изменения менталитета правительств и всего сообщества; необходимость достижения более полного отражения многообразия педагогических кадров, учащихся и всего общества; необходимость разработки единого определения концепций разнообразия, равенства и инклюзивности для всех стран. Авторы принципиально рассматривают подходы Европейского комитета профсоюзов образования (ETUCE) к развитию инклюзивного образования и основные элементы, а также условия его поддержки и реализации. Акцент делается на анализе деятельности профсоюзов в решении проблем инклюзивного образования.

Ключевые слова: профсоюз, государственная политика, инклюзивное образование, права человека, равенство прав, международные профсоюзные организации, профсоюз образования.

B.S. Abdildina¹, B.E. Sailaubaeva²¹S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Nur-Sultan, Kazakhstan²El-Tarikhy Research Centre, Nur-Sultan, Kazakhstan**Experience of European trade unions in the policy of development of inclusive education**

Abstract. The article examines the supportive actions of European educational trade union organizations for the comprehensive implementation of inclusive education. The main types of problems and ways to solve them in educational organizations that are in the focus of the trade union organization are considered. Since the beginning of the XXI century, especially during the crisis, education has been a major political priority at the national and pan-European level. The European sectoral social dialogue in the field of education is very important, because this industry allows bringing together European employers and employees in the field of education to discuss emerging issues. At the same time, social dialogue is considered as an institutional framework that unites social partners in negotiations on labor relations in the implementation of inclusive education. Specific examples reflecting the diversity of society are given in order to determine the need for the formation of a general inclusive education. It is very important to ensure equality and participation in education in various European societies. The need to take diversity into account in education is attracting increasing political attention at the European level. With regard to diversity and inclusivity, the need to change the mentality of Governments and the entire community is determined; the need to achieve a more complete reflection of the diversity of teachers, students and the whole society; the need to develop a unified definition of the concepts of diversity, equality and inclusivity for all countries. The authors fundamentally consider the approaches of the European Committee of Trade Unions of Education (ETUCE) to the development of inclusive education and the main elements and conditions for its support and implementation. The emphasis is on the analysis of the activities of trade unions in solving the problems of inclusive education.

Keywords: trade union, public policy, inclusive education, human rights, equality of rights, international trade union organizations, education trade union

References

1. Konvenciya o pravah rebenka [Convention on the Rights of the Child]. Available at: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml, [in Russian], (accessed 08.04.2021).
2. Konvenciya o pravah invalidov [Convention on the Rights of the disabled people]. Available at: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disability.shtml, [in Russian], (accessed 08.04.2021).
3. «Konceptualizaciya inklyuzivnogo obrazovaniya i ego kontekstualizaciya v ramkah Missii YUNISEF» [Conceptualizing Inclusive Education and Contextualizing it within the UNICEF Mission]. Available at: <https://www.unicef.org/eca/sites/unicef.org.eca/files/Booklet%201%20-%20Russian%20Version.pdf>. [in Russian], (accessed 12.04.2021).
4. «Inklyuzivnost' i obrazovanie: dlya vsekh oznachaet dlya vsekh» [«Inclusion and Education: For All Means All»]. Available at: https://www.gcedclearinghouse.org/sites/default/files/resources/200213rus_0.pdf. [in Russian], (accessed 04.04.2021).
5. Rezyume vseirnogo doklada po monitoringu obrazovaniya [Summary of the Global Education Monitoring Report]. Available at: https://www.gcedclearinghouse.org/sites/default/files/resources/200213rus_0.pdf. [in Russian], (accessed 04.04.2021).
6. Rud' N.N. Inklyuzivnoe obrazovanie: problemy, poiski, resheniya: Metodicheskoe posobie [Inclusive Education: Problems, Findings, Solutions: Methodological Handbook], (Perspektiva, Moscow, 2011, 28 p.), [in Russian].
7. Inklyuzivtik bilim berude adisnamalyk zhane oku-adistemelik sujemeldeu bojnynsha tasildeme ustanymdaryn tabysty endirudin alemdik tazhiribesin taldau. Adistemelik usynymdar [Analysis of international experience in the successful implementation of approaches to methodological and educational and methodological support in inclusive education. Methodological Recommendations]. (Y. Altynsarin atyndagy ulttyk bilim akademiyasy, Astana, 2015, 80 p.), [in Kazakh],

8. Vanyan A. Obzor inklyuzivnogo obrazovaniya za rubezhom [An overview of inclusive education abroad]. Available at: <http://turriion.net/default.asp?src=library&id=001>. [in Russian], (accessed 11.02.2021).
9. Groznaya N.S. Inklyuzivnoe obrazovanie za rubezhom ot mechty k real'nosti. Obzor materialov special'nogo vypuska zhurnala «International Journal of Inclusive Education» [Inclusive Education Abroad from Dream to Reality. Review of Proceedings of a Special Issue of the Journal]. 2011. No. 1. P. 11, [in Russian].
10. But T. «Politika vklyucheniya i isklyucheniya v Anglii: V ch'ih rukah sosredotochen kontrol'?» Moskovskaya vysshaya shkola social'nyh i ekonomicheskikh nauk. Hrestomatiya po kursu Social'naya eksklyuziya v obrazovanii [«The Politics of Inclusion and Exclusion in England: In Whose Hands is Control Focused?» Contributed by. S. Ramon and W. Schmidt. Moscow Higher School of Social and Economic Sciences. Textbook of Social Exclusion in Education.]. Moscow, 2003. P.36-44, [in Russian].
11. Basekege kabiletti kazakstan ushin, basekege kabiletti ekonomika ushin, basekege kabiletti halyk ushin! Prezidenttin Kazakhstan halkyna Zholdauy, Astana kalasy [For a competitive Kazakhstan, for a competitive economy, for a competitive population! Message of the President to the People of Kazakhstan, Astana], 2004, [in Kazakh].
12. Evropejskij social'nyj otraslevoj dialog v obrazovanij [European Social Sector Dialogue in Education]. Available at: <https://www.csee-etuice.org/ru/sotsialnyj-dialog/evropejskij-sotsialnyj-otraslevoj-dialog-v-obrazovanii-essde/243-2014-09-29-14-59-23>. [in Russian], (accessed 11.04.2021).
13. Evropejskij social'nyj dialog: ETUCE i EFEE soglasujut novuju programmu sovместnoj raboty [European Social Dialogue: ETUCE and EFEE agree on new joint work program]. Available at: <https://www.csee-etuice.org/ru/novosti/etuice/3487-european-sectoral-social-dialogue-in-education-trade-unions-and-employers-agree-new-work-programme-3>, [in Kazakh], (accessed 08.04.2021).
14. Prinimaya mnogoobraziya v obrazovanii: Novoe issledovanie etuce po teme inklyuzivnogo obrazovaniya [Embracing Diversity in Education: A New ETUCE Study on Inclusive Education]. Available at: <https://www.csee-etuice.org/ru/novosti/etuice/4332-vebinar-etuce-effektivnye-metody-raboty-v-realizatsii-obshcheshkolnogo-podkhoda-k-inklyuzivnomu-obrazovaniju> [in Russian], (accessed 12.04.2021).
15. Profsoyuzy obrazovaniya i inklyuzivnye shkoly: uchet raznoobraziya v obrazovanii [Education unions and inclusive schools: embracing diversity in education]. Available at: <https://www.csee-etuice.org/en/projects/education-trade-unions-and-inclusive-schools-embracing-diversity-in-education/3578-research> [in Russian], (accessed 12.04.2021).
16. Klyuchevye elementy i usloviya realizacii i podderzhaniya inklyuzivnogo obrazovaniya [Key elements and conditions for implementing and maintaining inclusive education]. Available at: https://www.csee-etuice.org/images/Factsheet_Training_needs-RU.pdf [in Russian], (accessed 12.04.2021).

Авторлар туралы мәліметтер:

Абдильдина Баглан Садуакасқызы – Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық факультет, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сайлаубаева Бақытгүл Ернарқызы – ғылыми қызметкер, «Ел тарихы» зерттеу орталығы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Abdildina Baglan Saduakasovna – Senior Lecturer of the Department of History of Kazakhstan, Faculty of Humanities, Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Sailaubaeova Bakytgul Ernazarovna – Research Associate, El-Tarikhy Research Centre, Nur-Sultan, Kazakhstan.